

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЖАҢА ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Ұстаздық ісі сырттай қарағанда қарапайым болып көрінгенімен – тарихтағы ең ұлы істің бірі. Қандай жағдай болса да оқушыға жақын болу, білімін арттыру – әр мұғалімнің міндеті.

Әлемде орын алған пандемия кезінде мемлекетіміздің ең құнды байлығы – әр адамның денсаулығын сақтау маңыздылығын ескере келе, елімізде орнаған төтенше жағдайға байланысты білім беру ордалары биылғы оқу жылын қашықтықтан оқыту жағдайында бастады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуы – елімізде білім беру жүйесінің болашағы. Бұл оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі.

Мектептің жаны болып табылатын ұстаздар қауымына мұндай жағдайда білім беру еш кедергі келтірмеді.

Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан екенін бәріміз білеміз. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүктеледі:

ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді.

Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін мұғалім оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Еліміздің болашағын сеніп тапсыратын жастарды тәрбиелеу мен оқыту үрдісінде мұғалім мен оқушы арасында онлайн байланыс орнады. Қазіргі



кезде негізгі пәндер мен қосымша сабақтар онлайн түрде әр түрлі платформалармен өтіп жатыр. Атап айтсам, бүгінде Bilimland электронды оқыту жүйесі, оқушылардың Kundelik.kz онлайн-мониторинг құралы, Daryn. Online жаңа ғасырдың жаңа форматта білім беретін платформасы, GoogleClassroom оқытуды басқару жүйесі, Microsoft Teams жүйелері арқылы оқушылардың білім алуларына жағдай жасалынған. Әр жүйенің өзіндік талаптары, ерекшеліктері бар. Мәселен, Google Classroom платформасы оқуға арналған Google-дің пайдалы қызметтерін біріктіреді. Платформада өз сабақтарыңды құруға, оқушыларға тапсырмалар беруге, олардың тапсырмаларын тексеріп бағалауға және олардың үлгерімін бақылауға, қарым-қатынасты ұйымдастыруға болады. Ал Daryn. Online арқылы еліміздегі білікті ұстаздардан білім алуға мүмкіндік жасалған. Ұстаздар мен оқушылар да-рын онлайн платформасы арқылы ви-



део-конференция, тапсырма және т.б. бөлімдерінен мәліметтерді молынан пайдаланып жұмыс жүргізуде. Сабақ барысында ойларын, пікірлерін ортаға салып, сабақты талқылай алады. Оқушылармен үнемі кері байланыс жасап, тапсырманың анық-қанығын, оқу материалдарының түсініктілігін үнемі бақылап отырады. Сондықтан оқимын деген жандарға қашанда жол ашық, мүмкіндіктер көп екенін білеміз.

Заманауи технологиялар оқу үрдісінің барлық кезеңдерін қашықтық форматқа көшіруге толығымен мүмкіндік беретінін ескерген ұстаздар қиыншылыққа қарамастан, тыңнан сүре жол салып, оқытудың жаңа форматын тереңнен меңгеруде. Осылайша, АКТ-ның мүмкіндіктерін игеру арқылы оқушыға білім беруді оңтайландыруға болатынын дәлелдеді. Оқушылармен тікелей байланыста отырып, 40 минуттық сабақ өтудің тиімді тұстарын таба білді. Бұл қазіргі қиын сәтте сан қырлы әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан зор екенін көрсетеді. Осы орайда қашықтықтан білім беруде ұстаздарға төмендегі кеңестерді ұсынғым келеді:

1. Қашықтықтан оқытудың сыныптағыдай маңызды екендігіне көз жеткізуіміз керек.
2. Оқушыларға материалды игеруге және тапсырмаларды орындауға арналған уақытты нақты анықтаңыз



әрі оқу материалдарын көп жүктемеуге тырысыңыз.

3. Өзіңізге қолайлы оқу платформаларын таңдаңыз.

4. Қашықтықтан оқытуды күрделі процесс деп санауымыз қажет, қазіргі білім беру ресурстарының болуы мұғалімнің міндеттерін жеңілдетуге арналған.

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы ұстаздар мен оқушылар әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғастыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады.

Заман талабына ілесіп қиындықты жеңу – бүгінгі күннің басты талабы. Қай істі де қолға алғанда ниетің мен әрекетің дұрыс болса, алынбайтын қамал жоқ, өйткені қашықтықтан оқыту – заманауи білім берудің болашағы. Сондықтан жаңа форматтағы қашықтықтан оқыту жүйесі тек ұстаздар қауымы үшін ғана емес, ата-аналар мен оқушыларға да пайдасы бар.

Еліміздің алдағы уақытта өркениетті мемлекеттер қатарынан көрінуі, білімді әрі білгір ұрпақты тәрбиелеу заман талабына сай білім алудан, жаңашылдықтан бастау алатынын айтқымыз келеді.

А. АЗИМБАЙ,
Тараз қаласындағы Төле би атындағы № 8 гимназияның директоры

АННОТАЦИЯ ○

В статье автор рассказывает о роли педагогов в дистанционном обучении, освоении новых образовательных технологий, о том, что в гимназии учителя и учащиеся с большим удовольствием используют видео-конференции, задания и т.д. через онлайн-платформу Daryn.

